

Нұрданжан Еділ

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты,

Оспанова Ф.А. доцент

**Шет тілін оқыту барысындағы компьютерлік лингводидактиканың
мәні**

XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сол себепті білім беру жүйесінде жаңа технологияларды кең қолдану- заман талабы. Әсіресе шет тілінің үйренуде оның пайдасы зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениетін де үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек меңгереді. Яғни өзінің де сол тілді меңгеруі жеңілдей түседі. Кез-келген маман, басқа елдің тілін толық меңгеруімен ұлан ғайыр жетістіктерге қол жеткізу әбден мүмкін. Сондықтан тілді толық меңгерген маман қажеттілігі артуда. Шетел тілдерін оқытуда озық технологияны пайдалану қарқынды дамып келеді.

Тілдік құралы ретінде өзге тілмен жұмыс жасау мәселесі қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл алады. Шет тіліне оқытудың басты мақсаты болып білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру, шет тілін практикалық меңгеруде қағида болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңде шет тілін оқытудың ең басты және маңызды мәселелерінің бірі оқу құралын таңдау болып табылады.

Кең көлемді ақпараттық ресурстарды білім беру үрдісінде қолдану, ақпараттарды өңдеп, ұсына алу, оны дамытып отыру – қазіргі білім беру үрдісіндегі өзекті мәселелердің бірі, лингводидактикалық технологияны

қолдана отырып оқыту қазіргі қоғамда жаңа білімді меңгеруде құрылыс материалы болып табылатын ақпаратты зерттеу тәсілдерін меңгеру ретінде қарастырылып келеді.

Тілдерді оқыту үрдісіне компьютерлерді ендірудің теориялық мәселелері компьютерлік лингводидактиканың зерттеу пәні болып табылады. Қазіргі кезде оны анықтаудың екі қыры бар: алгоритмдік және когнитивті-интеллектуалдық.

Олардың негізінде жасалған компьютерлік құралдары келесі параметрлермен ерекшеленеді [1;45]:

- танымдық әрекеттің түрлі модельдеріне бейімделу;
- тілдерді меңгерту үрдісінде компьютердің функционалды мүмкіндіктерін жүзеге асыру деңгейі;
- компьютерді қолданушы мен компьютердің өзара қарым-қатынасының интерактивтілік деңгейі;

Тілдерді пайдалану үрдісіне компьютерлік технологияны ендірудің қазіргі қалпын зерттеу барысында қолданбалы тіл білімінде жаңа бағыттың – компьютерлік лингвистиканың пайда болып, дамуына әкелді. Осы ғылымның пайда болуына қазіргі ақпараттандырудың жаһандану үрдісі, ғылыми және техникалық прогрестің белгілі бір қажеттіліктерінің, сонымен бірге жасанды интеллект жүйесін, жасанды тілдер үлгілерін құру қажеттілігінің алғышарттары зор ықпал етті. Алайда бұл міндеттердің барлығын лингвистика теориясынсыз шешу мүмкін емес, өйткені тарихи жүйе ретінде қалыптасқан табиғи тілдер адамдардың өзара қарым-қатынасына қызмет етсе,

жасанды тіл де адам-машина, машина-машина, машина-адам қарым-қатынасы үшін жасалған, олардың екеуінің негізі бір, ортақ қызмет атқарады, жұмсалыу үлгісі мен құрылымы да бірдей. Лингвистика ғылымынсыз жасанды тілді жетілдіру, сонымен бірге адамның компьютермен табиғи тілде қарым-қатынас жүйесін жасау, күрделі адам-машина кешені қызметінің тиімділігін арттыру мүмкін емес. Өз кезегінде машиналық әдіспен өңдеу, жинау, сақтау, іздеу, жіктеу, табиғи тілдерді талдауға көшу кезінде классикалық лингвистика өзінің алдағы дамуына үлкен қарқын алды. Кең таралған компьютерлік бағдарламалардың ішінде келесілерді атауға болады:

1«Ағылшын тілі 3 амалдан» бағдарламасы «Syracuse Language Systems» американдық компаниясымен жасалған. Курс ағылшын тілі тілдесіміндегі шынайы жағдаяттар мен күнделікті жиі кездесетін заттар, сөздер және ауызша аударма дағдысының негізінде ауызекі ағылшын тіліне оқыту үшін арналған. Үш деңгейлі қиындықтар: а) лексикалық ойындар, ағылшын тілі сөздерімен таныстыратын; ә) сөйлем құрастыруға көмектесетін ойындар; б) көрнекілік комикстар мен диалогпен жұмыс (curator.ru/e-books/e4.html).

2.«Акцентсіз профессор Хиггинс» бағдарламасы. Жасаушылар — «ИстраСофт». Толық фонетикалық, лексикалық және грамматикалық мультимедиялық анықтама-тренажер, ауызекі сөйлеуінің тыңдап-түсінуге үйрету және дұрыс грамматикалық және фонетикалық рәсімделуімен сөйлеу (www.istrasoft.ru/higgins.html).

3.«Ағылшын тілі әр күнге» мультимедиялық оқулығы. Курс сөйлеу жағдаяттары негізінде күнделікті ағылшын тіліне бағытталған. Курс 15 сабақтан тұрады, әрқайсысы ондаған орысша эквиваленттері мен лексика-грамматикалық комментарийлерімен дыбысталған ағылшын фразалары, диалог, ойын элементтері, алты түрлі жаттығулар, өлеңдер, әндер, әзілдер, әңгімелерден тұрады (www.curator.ru/e-books/ehtml).

4.«Ағылшын тілі. Кемелге жол» «English Your Way 2.0» бағдарлама нұсқасын ресей қолданушыларына бейімдеген «Syracuse Language Systems» американдық фирмасы. Курстың негізгі міндеттері – шет тілінде қоланушы сөйлеуге үйрету, ағылшын тілі айтылымын тыңдап түсіну, оқу және сауатты жазу, сонымен қатар дыбыстауды дұрыстауға үйрету. Оқыту жағдаяттық негізде құрылады [2;102]. Курс динамикалық диалогты, интерактивті ойындар, мәтіндер, кроссвордтарды қамтиды.

Осы немесе басқа оқулықты немесе жалпы оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) таңдай отырып, оқытушы білім беру мекемесінің ерекшелігіне қарау керек, яғни, білім алушылар ерекшелігі, мекеме түрі оқытушы таңдаған ОӘК Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес болып, өзіміздің еліміздің және оқытылып отырған елдің білім деңгейін көрсету қажет.

Резюме

В статье рассматриваются пути развития и формирования коммуникативных компетенций студентов, уровень реализации возможностей компьютера в процессе изучения языков, роль компьютерной дидактики в обучение иностранного языка.

Пайдаланғанылған әдебиеттер тізімі:

1. Городецкий Б.Ю. Компьютерная лингвистика: моделирование языкового общения. – Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIV, Компьютерная лингвистика. М., 1989.
2. Щукин А.Н. Теория обучения иностранным языкам (лингводидактические основы). — М.: ВК, 2012. — 336 с
3. Маккьюин К. Дискурсивные стратегии для синтеза текста на естественном языке. – Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIV, Компьютерная лингвистика. М.1989.